



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

шешу жолдарын көрсете отырып, нағыз конфликтологиялық құзыреттілігі игерген маман тұлғасын қалыптастыруға болады деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиет

1. Байжуманова Н. С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі //Білім әлемінде. - 2008. - № 5. - С. 33-36.
2. Косова Ю.С. Социология Людвига Гумпловича //Автореферат канд. дис. –М.: 2002
3. Хисматуллина З.Н. Организационный конфликт как социальный процесс современного общества //Автореферат канд. дис. –М.: 2006.
4. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта //Социологические исследования, 1994.
5. Хисматуллина З.Н. Организационный конфликт как социальный процесс современного общества. //Автореферат канд. дис. –М.: 2006.
6. Современная конфликтология в контексте культуры мира, -Москва,2001

УДК 378:37.034

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шарипова Орынбасар Боранбайқызы

orynbasar_sharipova@ mail.ru.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін заман талабына сай білім мен тәрбие беру жүйесін ізгілендіруде, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауда халықтық педагогика мұраларын пайдалану арқылы тәрбиелеудің маңызы өте жоғары. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізі ұстанымдарын айқындап берді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: « ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту » [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: « Жаңа білім беру мазмұнының базалық принципі - әрбір мектепте тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру»

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат құндылықтарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыпының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттың мәдениетінің қазыналары мен дербестігін мойындау», – деп атап көрсетілген болатын [2].

Н.Ә. Назарбаев «Әлемдік жаһандану дәуірінде ізгілік, кісілік,

адамгершілік, имандылық, бауырмалдылық, отаншылдық, ұлтжандылық сияқты ұлттық құндылықтарды сақтап қалу айтарлықтай маңызды. Ал бұлардың барлығының негізі ұлттық тәлім-тәрбиеде жатыр».

Адамгершілік, ізгілік, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік

құндылықтары қалыптасқан халқымыз осы асыл қасиеттерін жастардың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір оқытушы, әрбір ұстаз, мұғалім халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына рухани- адамгершілік құндылықтарды терең сіңірген, рухани таза адам болуы шарт. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, көркем мінезді саналы адам қалыптасады. Саналы адам – бұл үш нәрсенің: жүректің, ақылдың және қолдың бірлігі мен келісімі. Егер, білім алушы өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе және табиғатына сай үйлесімді дамыған жағдайда ғана, ол өмірден өз орнын табады.

Ізгілік педагогикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі- Ш.А.Амонашвили: «Әр бала белгілі борышпен өмірге келеді. Және әрбір сәбидің тек өзіне тиесілі жаны - ішкі дүниесінің сәулесі бар. Ата-ана мен педагогтің міндеті сол сәуленің жоғалып кетуіне жол бермей, балаға өз өмір жолына бағыт көрсету».

«Баланың өміріне деген қызығушылық танытыңыз, оның қуанышына, қайғысына, жетістіктеріне, армандарына, қол ұшын беруге дайын болыңыз, бірге іс-әрекет істеуге тілегіңізді білдіріңіз, әрқашанда көңіліңізді аударыңыз» Міне біз осы мақсатқа адамгершілік мәдениеті халық педагогикасы құралдары арқылы қалыптасқан мамандардың қатысуымен қол жеткізуге болады. Қазақтың халықтық педагогикасы арқылы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне әр кезеңдегі ұлы ойшылдар да көңіл бөлген.

Олар Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари т.б., ағартушы- ғалымдар Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, қазақ зиялылары Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев т.б. еңбектерінен де халықтың бала тәрбиесі жөніндегі тәлім-тәрбиелік тәжірибелерін, ауызекі халық шығармашылығын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұрпақ тәрбиесінде пайдалану туралы айтқан идеяларынан көруге болады [3].

Студенттердің адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика құралдарын пайдаланудың маңызы өте жоғары. Өйткені, болашақ маманның өскен ортасына, ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне, шыққан тегіне жақын, сондықтан басқа құралдарға қарағанда тиімді болып табылады.

Халық педагогикасын оқыту арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беретін мамандар даярлай отырып, егемен еліміздің еңбекшіл де іскер, бойында халықтық білімге негізделген адамгершілік мәдениет қасиеттері қалыптасқан маман тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы басты міндет.

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Халықтық педагогика – өте бай, тарихи терең, тағылымдық мән мағынасы зор тәрбие құралы, қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан келер ұрпақты өнегелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Ол бір ұрпақтан екіншісіне ауысып, бірте-бірте қорланып, бай тәжірибемен кемелдене келе «халық айтса, қалт айтпайтын» кемшіліксіз, ақаусыз дәрежеге жеткен. Ізгілікке, кісілікке бастап, қоғамның моральдық принциптерімен іштей қабысып, үйлесім тауып жатады. Ал, адамгершілік мәдениетті қалыптастыру, ұлттық тәрбие беру мәселесі – адамзат тарихынан өн - бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бұл адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып адамгершілік, ізеттілік, имандылық, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және жалпы адамзаттық қасиеттерді жатқызамыз.

Жастардың адамгершілік мәдениетін, ұлттық тәлім- тәрбие

құндылықтарын пайдалану мен жүзеге асыруда «Атамекен», «Кәусар бұлақ», «Мың

бала», «Дәстүр», «Елім-ай», «Ата кәсіп», «Алтын күмбе», «Жұлдыз» т.б. «Мәдени мұра» бағдарламаларының орны ерекше.

«Мәдени мұра» бағдарламасының генізгі ұстанымы сал-серілік дәстүр негізінде этномәдени тәрбие беру. Халықтық педагогика тәрбиеге орай халықтың ақыл-ой тәрбиесі, халық педагогикасын зерттегенде халық ауыз әдебиетінің шығармаларын, этнографиялық материалдарын, халықтық тәрбие дәстүрлерін, ұлттық ойындарды, отбасы тәрбиесінің тәжірибелерін т.б. пайдалану. Халықтық педагогиканың негізі халықтық тәлім-тәрбие, өнеге, адамгершілік сезім, достық, ынтымақтық, төзімділік, байсалдылық мұрасы тұрғысында құрылады. Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты - ұлттық рухани деңгейі биік, іскер, қабілетті, иманды, әдепті адам тәрбиелеу.

Жастарға ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-дегенді.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз.

Жастардың адамгершілік мәдениетіне ізгілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, сыпайлығы т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Қазақ халқының педагогикалық ойларының тарихи қалыптасуы мен дамуы жөнінде халық мұрасын ғылыми негізде зерттеген ғалымдардың

Қ. Б. Жарықбаев, С. Қ. Қалиев, С. А. Ұзақбаева, А. Мұқанбаева, Қ. Сейсебаев, Е. Сағындықов, Ш. Майғаранов, М. Ж. Смайлов, Қ. Бөлеев, Қ. Қожахметова, А. Ашайұлы, А. Н. Иманбетова еңбектеріндегі ұлттық ой-пікірдің дамуы, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың тәлім-тәрбиелік мәні, ұлттық ойындары оқу-тәрбие ісіне пайдалану әдістері қарастырылған [4].

Ал, орыс педагогикасының таңдаулы өкілдері К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой, революционер-демократтар В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский т.б. халықтың педагогикалық тәжірибелері мен тәрбие жөніндегі көзқарастарына зор ықыласпен ден қойып, халық даналығын педагогикалық білімдердің сарқылмас бұлағы, негізгі көзі деп бағалаған [5].

К. Д. Ушинский халықтық тәрбие үдерісіне ерекше көңіл бөліп, жеке тұлғаның қалыптасып, дамуында халықтық педагогиканың маңызды орын алатындығына аса мән берген. Оның пікірінше, халықтық дегеніміз халықтың «менін» сақтауға және оның қоғам өмірінің барлық салаларын дамытуға, жәрдемдесуге ұмтылысы болып табылады. К. Д. Ушинский еңбектерінен өзінің бүкіл педагогикалық теориясында халықтық қағиданы ұстанғаны анық аңғарылады.

Халықтық педагогиканың озық идеялары мен тәжірибелерінің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы мен тәрбиелік мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеуде ТМД елдері ғалым-педагогтары Г. С. Виноградов, А. Ф. Хинтибидзе, Г. Н. Волков, А. Э. Измайлов, Е. Л. Христова, А. Ш. Гашимов, В. Ф. Афанасьев, Ю. А. Рудь, Ш. А. Мирзоев, А. Л. Бугаева, Я. Рахимова, Ю. А. Рудь, С. М. Сайпбаев, К. Пірәлиев және т.б. еңбектерін ерекше атауға болады [6].

Көрнекті ғалым, педагогика ғылымының докторы Қ. Б. Жарықбаев халықтық педагогиканың өзекті мәселелері жайында, тәлім-тәрбие турасында ой-пікірлерге талдау жасап, ұлттық педагогика мен психологияның қалыптасып дамуын және халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі әдіс-тәсілдері мен құралдарын қазіргі кезеңдегі оқыту үдерісімен байланыстыра қарастырып «этнопедагогика», «энопсихология», «халықтық педагогика» терминдерінің мән-мағынасына тоқталады.

Этнопедагогика дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ

тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлері мен мәдени ойлау процесінің озық үлгілерінің жиынтығы. Этнопедагогиканың пәні – халықтық педагогика, халықтық тәрбие, ал мәні – үш қасиеттен: ұлттың сақталу педагогикасы, тәрбиенің даналығы және жалпыға бірдей сүйіспеншілік педагогикасынан тұрады.

Қазақ халық педагогикасы мен этнопедагогикасының қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлес қосқан белгілі ғалымдар С. А. Ұзақбаева мен К. Ж. Қожахметова этнопедагогика құралдары ретінде ауызекі халық шығармашылығын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді, т.с.с. бөліп көрсетеді [7].

Халық педагогиканың ғылыми мәнін ашуда С. Қалиевтің еңбегі ерекше. Автор қазақ этносының пайда болу тарихын, халық тәлімінің тарихи дамуын, қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық мәселелері мен оның бастау көзін, қалыптасуы мен даму кезеңдерін көрсете келе, этнопедагогиканы фольклорлық шығармалар мен салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасын, оны оқу тәрбие жүйесінде қолданудың әдіс-тәсілдерін зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы деп түсіндіреді. Автор этнопедагогика құралдарына салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, халық ауыз әдебиетін, ұлттық ойындарды, шешендік сөздерді, ырымдарды, этикалық, педагогикалық ой-пікірлер мен идеяларды жатқызады да, халық педагогикасының негізгі қағидаларын былай жіктейді:

1. Келер ұрпақтың ақылды, намысқор, арлы, өміршең азамат болуын тілеу. Жас нәрестенің дүниеге келуі ата-ана, ағайын-туыс, қауым-көпшілікке зор қуаныш әкелумен бірге, борыш та жүктей келеді. Дәлірек айтсақ, ұрпақты тәрбиелейтін халық мектебінің есігі сәбидің алғаш дүниеге келген күнінен бастап айқара ашылады. Ол белгілі мақсат-тілекпен байланысты туындайды.

2. Баланы жастайынан еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Ол бесік жырлары мен тұсау кесер жырларынан, бата, тілек, терме өлеңдерден көкейкесті орын алған. Еңбек қағидаларын жастардың бойына сіңіру отбасындағы маңызды істерімен ұштасқан.

3. Халық педагогикасында «бірінші байлық - денсаулық» - деген ұғым өзекті орын алған. «Дені саудың жаны сау», «Ас - адамның арқауы», «Ауру астан» деп, рухани, материалдық байлықтың, тәрбиенің негізін жеке бастың, яғни тәннің саулығына байланысты қарастырған. Баланы туған күннен бастап тұзды сумен шомылдыру, маймен сылау, дене күтіміне ерекше мән беріп шынықтыру, мерзімінде жақсы ас беріп тамақтандыру мен ұйықтатудың бәрі тән саулығы үшін жасалған әрекеттер.

4. Халық педагогикасында адамгершілік қасиеттерді баланың бойына дамыту, ізгерлікке, имандылыққа, адамдыққа тәрбиелеу, ар-ожданды қастерлеу басты қағида болып есептелген. «Жаным – арымның садағасы» - деп, арды адамгершілік қасиетінің үлгісі ретінде санаған.

5. Гуманизм мен патриотизм - халықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан от басынан басталады» деп, ұққан ата-бабамыз от басының, ананың, рудың, отанның намысын қорғауға, ауру, кемтарларға көмектесуді, басқа ұлт өкілдерін сыйлауға отбасы тәрбиесінің өзекті принциптері деп бағаланған. «Атаның баласы болма - адамның баласы бол», «Жақсы - көпке ортақ», «Ел үшін еңбек ет» деген өсиет тәрбиеден өзекті орын алған.

6. Елді, жерді қорғайтын еңбек ететін азамат болу үшін денені шынықтыру қажет. Халық педагогикасында «Шынықсаң шымыр боласың» деп ой қорытқан ата-бабамыз ұлттық ойынға жаттықтырып үйрету арқылы дене тәрбиесіне басты көңіл бөлген.

7. Тіршіліктің тұтқасы, өмірдің шамшырағы өнер мен ғылым деп түсінген халқымыз жастарға «Өнерлі өлмейді», «Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады», «Білім таусылмас кен, өнер өлмес мұра» дегенді насихаттап ертегі, өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыз әңгімелер ұсынған.

8. Адам өмірі мәңгі табиғат құшағында өтетін болғандықтан, ата-бабамыз өз ұрпағын ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше табиғи ортаны аялауға тәрбиелеп келген. Ол туралы әлденеше жұмбақ, өлең-жыр, ертегі, аңыздар шығарған.

Сонымен бірге ғалым болашақ маман даярлауда халықтық педагогиканың алатын орны туралы мынадай ой тұжырымдайды: «Кез келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің

барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және әр алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады». Мұның өзі болашақ маман даярлаудағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәжірибесінің педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде халық педагогикасы құралдары болып табылатынын дәлелдейді.

Ұлтымыздың діліне байланысты адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың бірден-бір көрінісі халықтық басты тәрбиелік қасиеттеріміз бар. Олар: біріншіден, **ұлтжандылық**-халқымыз кіндік қаны тамған атамекенін аялап, елінің тілі мен мәдениетін, әдебиеті мен тарихын, біртуар аяулы перзенттерін мақтан тұтып, қадірлеп, қастерлеуді ұрпағына аманат еткен.

Қазақ жері – біздің Отанымыз, атамекеніміз. Оны қастерлеп, қадірлеп қадір тұтқан адам ғана есейе келе туған халқы мен ел-жұртын, атамекенін шын көңілімен сүйетін ұлтжанды азамат болады.

Өйткені, халқымыз «Отан – от басынан басталады» деп бекерге айтпаған. Ата-анасын, өз үрім-бұтағын жанындай жақсы көріп сүймеген баланың ел-жұртын, халқы мен ұлтын сүйетін толыққанды азамат болуы екіталай. Ұлтжанды кісінің имандылық – адамгершілік қасиеттері, сондай-ақ, оның достарына, ата-анасына деген көзқарасынан да байқалады.

Қазақ елінің кез-келген перзенті жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан өз ұлты мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы қажет.

Екіншіден, **әдептілік**- адамгершіліктің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық сананың практикалық көрінісі, барлық кісілік қасиеттердің жиынтығы. Әдеп сақтаудың бұл ата дәстүрді құрметтеу, қастерлеу, ізеттілік, кішіпейілділік, кеңпейілділік, еңбексүйгіштік, қонақжайлылық, көпшілдік қасиеттерінің көрінісі.

Үшіншіден, **бауырмалдық** - халқымыздың бауырмалдығы «Бала бауыр еттен жаралған» деп, оны ерекше қастерлеп, әлпештеуден бастаған.

Осы туралы қасиетті құранымызда : ешбір адам баласы жат емес, барлық адамзат баласы бір-біріне дос, бауыр дейді. Олай болса бауырмалдық қасиетке яғни жастардың бір-бірін қастерлеуге, сыйлауға, көпшілікке баулуымыз қажет.

Төртіншіден, **қайырымдылық**- балаларды, үлкендерді, қарттарды құрметтеу, оларға қамқор болу, жетім, жесірге аяушылық білідіріп, жақсы көру сезімдеріне баулу.

Қазақ халқының педагогикасының ғасырлар бойы қалыптасуы зерттеліп келеді. Қазақ халқының ішкі этникалық құрылымы: жеті ата, жүздер, ру, шамандардың, бақсылардың, ақын-жыраулардың, сал-серілердің рөлі, би-шешендердің, ақсақалдардың үкіміне, ақыл-кеңесіне қалтықсыз бағыну.

Ең негізгі мінез-құлық: қан туыстығының сезімі, бірлік және туыстық бірауыздылық; біріне-бірінің қамқорлығы, үлкен адамдарды сыйлау, құрметтеу, ата-баба рухын қадірлеу, дәстүрді сақтау.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан-2050. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.(2015ж) Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.-Алматы, 2000
2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – А.: «Санат» 1995
3. Құнанбаев А. шығармаларының толық жинағы. - Алматы, 1954. Құдайбердиев Ш. шығармалары. - Алматы, 1988.
4. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие / С. Ұзақбаева - А.: Білім, 1995
5. Кертәева Қ. М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. – Алматы: Ғылым, 2002. – 147 б.
6. Әбілдина С. Қ. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дис. –Алматы, 1999. 151б